

Ш.К. ТУРДАЛИНА,¹
экономика ғылымдарының магистрі,
докторант.
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті¹

ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ ШЕТЕЛГЕ АҒУЫНЫҢ ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНА ӘСЕРІ

Аңдатпа

Осы мақалада аталған шетелдегі білім беру бағдарламалары біздің көптеген отандастарымыздың басқа елдерде қалып қоюының себебі болып табылады. Бұл қазақ «ақылының шетелге ағуы», халықаралық тұрғыдан бәсекелестік жағдайда біздің елге екі есе кері әсерін тигізуде. Өйткені, біздің азаматтар өз ақыл, күшін жұмсай отырып, өзге елдің дамуына үлкен үлесін қосып отыр. Бұл әсіресе, Еуропа елдерінде демографиялық өзгеріс (қарттардың санының артуы, жас-жеткіншектердің тым азайып кетуі) кезінде оларға өте тиімді болып отыр. Осы мәселені талқылаудың мақсаты – қазіргі жастарымызға олардың ақыл, интелектінің ғана емес, сондай-ақ патриоттық сезімінің біздің елімізге, біздің экономикамызға және біздің болашағымыз үшін қандай маңызды екенін жеткізу еді. Мақалада осы проблемалардың себептері егжей-тегжейлі талқыланып, оның шешу жолдары ұсынылды. Күнделікті өмірде секілді, мемлекет экономикасының дамуында да барлығы өзара тығыз байланыста болып табылады. Ең бастысы – елімізде экономикалық, социологиялық жағдай көтерілсе өз азаматтарымыз өзге елді таңдамай, елде қала береді. Оған дәлел жақын шетелден келген азаматтар (Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, т.б.).

Тірек сөздер: экономика, «Болашақ» бағдарламасы, жастар, шетел мемлекеттері, интеграция, білім беру бағдарламалары.

«Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деген мақалдың өзектілігі жоғалып бара жатқандай. Оған бір себеп, қазіргі жас ұрпақтың патриоттық сезімінің азаюы болса, екінші жағынан нарықтық экономикадағы еркін бәсекелестік, жаһандану жағдайының артуы болып отыр. Біріншіден, жастардың патриоттық сезімін ояту, ұлғайту үшін ата-анасына, отбасына, әдет-ғұрпы мен еліне деген сүйіспеншілік пен қадір қасиетін жоғарылатын түсіндірмелі, оқу-танымдық іс-шараларды жүзеге асыру қажет. Екінші фактор бойынша, жастарымызды елге пайдасын тигізудің ең басты амалы – жағдайын жасап, дамуына кедергі келтіретін шектеулердің алдын алу.

Еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейін нарықтық жағдайға көшуді қарастырғанда білікті кадрлардың аз болуы байқалды. Осы себепті, елдегі «таланты жастарды» шетелдің алдыңғы қатарлы ЖОО-на түсіру көзделді. Осы ойға жету мақсатында 1994 жылы Елбасымыздың көрегендігімен «Болашақ» бағдарламасы қолға алынды. Бастапқы кезеңде оқу тек АҚШ, Ұлыбритания, Франция және Германияда болды. Бағдарламаның жүзеге асып келе жатқан 24 жыл ішінде (2017 жылы) 12 522 Қазақстандық степендианттар 33 дамыған елдің 200 алдыңғы қатарлы ЖОО-нан білім алды [1].

Кесте 1 – Елдердің пайыздық көрсеткіші

Елдер	Студенттер саны	Пайыздық көрсеткіші
Ұлыбритания мен Ирландия	641	50%
АҚШ пен Канада	428	34%
Еуропа континентік елдерінде	85	7%
Азия мен Океанияда	62	5%
Ресей Федерациясы	49	4%
Барлығы	1265	100%

Бағдарламада оқып жүрген түлектердің 60%-ы әлеуметтік, гуманитарлық және шығармашылық салаларда оқыды, 30%-ы инженерлік-техникалық білім алды, тек 8%-ы медициналық жоғары оқу орындарында оқыды.



Сурет 1 – Мамандық бойынша үлестері

«Болашақ» бағдарламасы бойынша бітіріп келген түлектеріміз негізінен 3 категорияға бөлінеді:

1) ЖОО жетістікпен бітіріп жақсы жұмысқа орналасқандар. Бұндай азаматтардың статистикалық мәліметтер бойынша орташа жалақысы 400 мың теңге болады екен (56%);

2) бағдарлама бойынша оқу орнын бітірген күннің өзінде ойдағыдай жұмыс таба алмай немесе мүлдем жұмыссыз жүргендерді жатқызуға болады (27%);

3) соңғы категорияға «Болашақ» бойынша дипломдарын алып, бірақ шетелде қалып қойған азаматтарымыз кіреді (17%) [2].

Болашақпен республикамызда жұмыс істеп жатқандардың 80 пайызы мемлекеттік органдарда жұмыс істейді. Оған мысал ретінде Алматы қаламыздың жас әкімі Бауыржан Байбек мырза бола алады. Бұр әрине көз қуантарлық жағдай, бірақ 80% деген өте үлкен көрсеткіш, тек 20% басқа салаға бет бұрған (жеке кәсіп, ғылым, өндіріс кәсіпорындары және т.б.) өте аз болып есептеледі. Бұған ел ішіндегі «әкім бол» деген менталитет себеп деп ойлаймын, әр қазақ баласын бастық болуға тәрбиелейтіні құпия емес.

Ал, екінші, үшінші категориялар мемлекетке едәуір кері әсерін тигізіп жатыр. Себебі, мемлекет жоспарлаған мақсаты бойынша білікті мамандарды өз еліміздің дамуына жұмсап, көркейтуіне себеп болады деген. Бірақ, жас мамандардың қайтпай қалған жағдайында, олар келісімшарт бойынша кепілдікке қойған мүлкін мемлекет алып қоюға құқылы. Қазіргі кезде стипендияның өсуі мемлекетке қайтаратын соманың өсуіне алып келді. Орташа есеппен 19 млн теңгені құрайды екен, бірақ бұл соманы қайтару шетелде қалып қойған қандастарымызға қиындық туғызбайды деп есептейді Отандық сарапшыларымыз.

Бағдарламаны бітіріп келген түлектің әрбір алтыншысы елде жұмыссыз деп мәлімдейді Болашақ стипендиясының әкімшісі «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ. Осы жылы 4014 адам осы бағдарлама бойынша шетелде оқуын аяқтады. Олардың 3 352-сі ғана жұмыспен қамтылды деген ақпарат алып келген [3].

Президентіміздің көрегендігімен бұл мәселеге де шешім табылғандай: енді жастарымыз жер асып, су асып жоғары білім құмай өз жерімізде медицина, инженерлік мамандықтары бойынша шетелге шықпай Назарбаев Университетінде білім алуға мүмкіндік алды (2010 жылы) [4]. Бұл ЖОО-ның ерекшелігі: шетел оқытушыларының дәріс беруінде, студенттеріміз тәжірибені өзге елде өту интеграциясы. Бұл экономикамызға елеулі әсер етіп, шетке қаражат шашуды азайтып, өз елімізде білікті профессионалдарды шоғырландырады.

Әрине, Қазақстаннан шетелге оқуға тек Болашақ бағдарламасы бойынша ғана емес, «өз күштерімен», өз қаражатымен түсетіндер де аз емес. Шындығында шетелде оқу – ол тек жағдайы төменнен жоғары отбасылардың балаларына бұйырады. Бұл қауымның шетелде қалу-қалмау мәселесі стипендия иегерлерінен оңайырақ, шешім өз қолдарында.

Шетелде оқып келген жастар бұндай проблемалардың туындау себептерін қарастыратын болсақ, төмендегідей мәселерге жолығуымыз мүмкін:

♦ шетелде алынған білім көп жағдайда елде керексіз болып жатады. Ол республикадағы технологиялық, техникалық, тіпті, менталитеттік дәрежедегі сәйкессіздікпен түсіндіріледі;

♦ білім алуға дамыған мемлекеттерге жіберіліп жатқаны белгілі, оған себеп, шетелмен тәжірибе алмастыру болып табылады. Ал, көп қандастарымыз еліміздің көкसेген мақсатын ұмытып, өз мүддесін жоғары қойып, сол оқыған – дамыған елдерінде қалып қойған. Бұл жағдай Қазақстанның экономикасына орасан зор нұсқан келтіретінін айта кеткен жөн.

Қазақстанға шет елден келген азаматтар мен шетелге кеткен азаматтарда аз емес. Нақтырақ айтатын болсақ, әр кеткен үш адамға екі шетел азаматтары келеді. Бұл экономикада табиғи құбылыс болып есептелінеді. Дегенмен, келген-кеткен адамдардың саны емес сапасына көңіл аударатын болсақ, келесідей портретке ие боламыз.

Қазақстаннан кеткен азамат: Бұл еңбекке жарамды жастағы адам (70%), негізінен ТМД елдеріне барады (мұндай 90%). Бұл адамның басым бөлігі Қарағанды облысынан, кем дегенде, Қызылордадан. ТМД туралы айтатын болсақ, ол жиі Ресей Федерациясына (85%), ең аз дегенде Түрікменстанға және Арменияға барады, ал басқа елдерге қарайтын болса, ол негізінен Германияға (7,3%), Латвияға ең аз дегенде барады. 70% жағдайда оның құжаттарында азаматтық бағанында «Орыс» деп жазылған.

Шетелге кетушінің әрбір екіншісі жоғары білімі бар адам, ал әрбір үшіншісі орта арнайы білімі бар. Дипломның көпшілігінде техникалық, экономикалық, медициналық, педагогикалық және заң мамандықтары көрсетілген. Яғни, олар Қазақстанда осы мамандыққа ие адамдар. Бұл табиғат мамандарының циклі деп атасақ болады: оларды дайындауға бюджеттен қаражат жұмсалады, ал одан кейін бұл адамдар кетеді.

Қазақстанға келген азаматтар: Ол Маңғыстау облысына, кем дегенде, Қызылорда облысына келген еңбекке қабілетті адам. Ол ТМД елдерінің бірінен (84%), ал әрбір екіншісі Өзбекстаннан келеді. Азаматтық кестеде 59% «қазақ», негізінде өзбек, қырғыз, түрікмен және орыс ұлттары.

Егер келушілердің білімі туралы айтатын болсақ, онда тек біркелкі жағдай. Адамдар Қазақстанға жалпы орта біліммен келеді, яғни олардың тек мектеп білімі ғана бар. Келушілердің 77% еңбекке жарамды адамдар [5].

Қорыта келгенде, бұл проблеманың алдын алу үшін, біріншіден, шетелге кетіп бара жатқан азаматпен әңгімелесу өткізу кезінде, патриоттық сезімін анықтайтын тест өткізу, оны дамыту жолдарын қарастыру. Екінші мәселе, көбіне техникалық мамандықтарды бітірген жас мамандар керексіз болып қалып жатыр, оған себеп еліміз шикізатқа бай бола отыра, оны өңдеу саласы жетілмеген. Сол себепті, жастарымыздың алған білімін қайда жұмсарын білмейді. Көш жүре түзеледі демекші, бұл мемлекеттік тұрғыда шешімін таппаған мәселелердің бірі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 ҚР Президентінің қаулысы: <http://today.kz/news/kazakhstan/2016-11-05/729294-ispolnilos-23-goda-so-dnya-uchrezhdeniya-stipendii-bolashak/>.

2 Статистика комитеті: www.Stat.kz.

3 Мақала: <https://www.zakon.kz/4490100-kazhdyjj-shestojj-stipendiat-programmy.html>.

4 Ресми сайт: www.bolashak.kz.

5 Утечка мозгов: <https://informburo.kz/mneniya/eugeniy-kochetov/utechka-mozgov-iz-kazahstana-uezzhayut-luchshie-priezzhayut-raznye.html>.

Аннотация

Образовательные программы за рубежом, перечисленные в этой статье, являются причиной того, что многие из наших соотечественников остаются в других странах. Из-за «утечки мозгов» наша страна в международной конкурентоспособности теряет свой рейтинг, поскольку наши граждане вносят большой вклад в развитие другой страны своим умом и знаниями. Это особенно эффективно в случае демографических изменений в европейских странах (увеличение числа пожилых людей, уменьшение числа маленьких детей). Цель обсуждения этой проблемы – донести до нашей молодежи, что для развития нашей страны, нашей экономики

и нашего будущего важны не только ее умы, интеллект, но и патриотические чувства. В статье детально обсуждаются причины этих проблем и предлагаются пути их решения. Как и в повседневной жизни, все тесно связано в развитии экономики государства. Самое главное – когда уровень экономического и социально-экономического развития в нашей стране растет, наши граждане не станут выбирать другую страну и останутся в нашей республике. Доказательством этого является прибытие граждан из ближнего зарубежья (Узбекистана, Кыргызстана, Таджикистана и т.д.).

Ключевые слова: экономика, программа «Болашак», молодежь, зарубежные страны, интеграция, образовательные программы.

Abstract

Educational programs abroad, listed in this article, are the reason that many of our compatriots decide to live in other countries. Due to the «brain drain», our country is losing its rating in the level of international competitiveness, as our citizens make a great contribution to the development of another country with their mind and knowledge. This is especially effective in the case of demographic changes in European countries (an increase in the number of older people, a decrease in the number of young children). The purpose of discussing this problem is to inform our youth that not only its minds, intellect, but also patriotic feelings are important for the development of our country, our economy and our future. The article discusses in detail the causes of these problems and suggests ways to solve them. As in everyday life, everything is also closely linked to the development of the state's economy. Most importantly, when the economic and socio-economic situation in our country is growing, our citizens will not choose another country and will remain in our country. Proof of this are citizens who have arrived from the near abroad (Uzbekistan, Kyrgyzstan, Tajikistan, etc.).

Key words: economy, the Bolashak program, youth, foreign countries, integration, educational programs.